



16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Бақылау жасау





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Бакылау жасау

Бакылау жасау әдісі жаңа деректерді жасап шығаруда қолданылатын кең тараған әдістердің бірі. Бакылау жасау көбіне антропологияда жиі кездеседі. Жалпы осы бакылау жасау әдісінің пайда болуына себеп болған жағдай отарлау саясатымен тікелей байланысты. Батыс мемлекеттерінің қарамағына көптеген отар мемлекеттер енген соң, оларды басқару, олармен тілдесу, батыстық идеология мен саясатты ендіру мәселелері пайда болды. Бұл бір жағынан мессионерлік бағытта жұмысты күшейтуге де алып келді. Өйткені батыстық түсінікте отарланған елдердің бәрі жабайы, дамымай артта қалып қойған, сондықтан біздің ұлы міндетіміз сол олқылықты жойып, дін арқылы ол елдердегі сауатсыздықты жоюымыз керек деген идеология басым болды. Бірақ отарланған елдер мүлдем басқа дүниетанымнан шыққан, мүлдем басқа сенімді ұстанатын, тарихы мүлдем бөлек, бұрын белгісіз тілде сөйлейтін мәдени топтар болғандықтан оларды зерттейтін мамандар тез арада дайындала бастады. Осының нәтижесінде бұрын болмаған, жаңа мәдениеттерді зерттейтін, оларды ішінен түсінуге тырысатын антрополог деп аталатын мамандықтар пайда болды. Антропологтар алғашында ол мәдениеттен мүлдем хабарсыз болғандықтан, қодарында өздері зерттейтін мәдениет туралы ешқандай дерек жоқ болғандықтан, деректердің бәрін өздері бірінші болып жинады. Осы кезде зерттеліп жатқан елдің мәдениетін, тілін білмегендіктен бастапқыда тек сырттай бакылау жүргізумен шектеген кездері көп болды. Кейбір аборигенді тайпалардың ішіне кіру де қауіпті болды. Өйткені олар да ақ адамдарды көрмегендіктен, қауіптен қарап, зерттеушілердің көзін жоюы мүмкін еді. Осыдан келе бакылау жүргізудің бірнеше түрлері пайда болды. Біріншісі сырттай бакылау. Сырттай бакылауда зерттеуші процеске еш араласпайды, болып жатқан жағдайға ешқалай ықпал етпейді. Керісінше, барлығы табиғи қалпында қалыпты күйде қандай болар еді деген жағын жіті қадағалап, соны жазып алуға тырысады. Бакылау жасау бір қарағанда оңай көрінуі мүмкін. Өйткені сіз жай ғана сырттай қарап, бакылап отырсыз. Бірақ шындығында бұл тым ұзаққа созылатын, бірден түсінікті болмайтын, үлкен ыждағаттылықты талап ететін жұмыс. Егер сіздің зерттеу жүргізуге берілген уақытыңыз тым қысқа болса, онда толыққанды бакылау жүргізіп үлгермеуіңіз де мүмкін. Ал бүгінгі әлеуметтік зерттеулерде сырттай бакылау қолданыла ма, оны қандай жағдайларда қолдануға болады деген орынды сұрақ туындайды. Иә, әрине, бүгінгі әлеуметтік ғылымдарда да сырттай бакылау қолданылады. Олардың көптеген мысалдарын интернеттен тауып көре аласыз. Мысалы, сондай кең таралымда жүрген видеолардың бірі мынандай болып келеді. Бір кішкентай қыз баланы кедей, үйсіз бала сияқты киіндіріп, қымбат сауда орталығында адамдардан тамаққа ақша сұрауға жібереді. Сол кезде отырғандар одан бойын аулақ ұстап, оны елемеген болады. Оның сөздеріне мән бермейді. Мән бергендер аз болады. Бірер минуттан соң сол қызды қайтадан әдемілеп қымбат киімдерге киіндіріп, шаштарын әдемілеп жинап, тура бағанағы жағайды қайталайды. Бірақ бұл жолы қыз балаға көмектескісі келетіндер көп болады. Оған отырғандардың бәрі қарап, жанашырлық көрсетеді. Яғни осындай сырттай бакылау жүргізу арқылы адамдардың жақсы киінген, тартымды, ауқатты адамдарға көбірек қол ұшын созатынын, ал жағдайы шынымен мүшкіл, кедейшіліктің азабын тартып жүргендерге көмек беруге аса құлықты болмайтынын, яғни адам көмек берерде адамның түрін қарайтынын қорытуға болады. Тағы бір бакылау түрінде сондай үлкен бір сауда орталығында тамақтанатын орындардағы камераларға үлкен көздің видеосын салып қояды. Яғни адамдарға қарап тұрған үлкен көз қалай әсер ететіні тексеріледі. Нәтижесінде адамдарға көз қарап тұрғанын, яғни оларды біреу бакылап тұрғанын білсе, адамдар әлдеқайда ұқыптырақ, жинақырақ болатыны анықталған. Өйткені көздің видеосы қойылған соң адамдар жеген ыдыстарын үстел үстінде қалдырып кетпей, артынан жинап кетеді екен. Міне, осындай әлеуметтік эксперименттерді жасағанда сырттай бакылау әдісі қолданылады. Бірақ кей жағдайда іштей бакылау әдістерін жүргізу керек болады. Бағанағы антропология туралы әңгімемізге қайта оралатын болсақ, атропологтар бас кезінде сырттай бакылау жүргізгенімен, уақыттың өтуімен олар жергілікті халықпен жақынырақ араласа бастайды. Зерттелінушілер зерттеушіге сеніммен қарап, бұрын жасырын ұстайтын өмірінің салттарын ашық көрсете бастайды. Олардың өмірінде басты орынға ие жерлеу рәсімі, бала тууда атқарылатын рәсімдер, инициация рәсімдері сияқты сырт көзге көрсетілмейтін рәсімдерге шақырыла бастайды. Ондай рәсімдерге әдетте сырттан келген, онша сенім тудырмайтын адамдарға кіру қиын. Және ол жерде тек қана сырттай бакылап отыру мүмкін емес. Сіз зерттелінушілердің сенімінен шығу үшін өзіңіз де сол адамдармен бірдей барлық рәсімдерді атқаруыңыз тиіс. Яғни бұл қатысушылық бакылау жүргізу тәсіліне жатады. Бұндай бакылаудың өзіндік артықшылықтары бар. Біріншіден, сіз қандай да бір мәдени топқа тән жасырын ұсталатын ақпартқа қол жеткізе аласыз. Мәдениеттің ішкі символдарынан хабардар бола аласыз. Бірақ зерттелінушілермен араңыз жақындаса түскен сайын, менің істеп жатқаным дұрыс па, олар маған ішіндегі ең қымбат сырларын ашып беріп жатыр, ал мен соны қолданып зерттеуім үшін ғана осылардың бәрін жасап жүрмін. Этикалық тұрғыда дұрыс әрекет етіп жатырмын ба деген сұрақтар сізді мазалауы мүмкін.



Зерттеуші зерттелінушімен жақын болған сайын, өзінің зерттеушілік рөлдерінен айырыла бастау қаупі де қатар тұрады. Қатысушылық бақылау жүргізудің бүгінде қолданылуы жайлы айтатын болсақ, олар да бүгінде белсенді түрде қолданылады. Мысалы, егер сіз қандай да бір секталарды немесе діни ұйымдарды зерттейтін болсаңыз немесе белгілі бір мәдени топты зерттеу үшін оның мүшесіне айналу үшін қандай да бір рәсімдерге қатысуыңыз керек болатын болса, осыны қатысушылық бақылау түріне жатқызуға болады.

Бақылау жүргізушінің алдынан шығатын тағы бір мәселе зерттеуде ашық және жасырын түрде өткізумен байланысты. Бақылауды жасырын түрде жүргізу зерттеу үшін әлдеқайда тиімдірек болар еді. Өйткені зерттелуші өзінің бақыланып отырғанын білсе, өзін табиғи күйде ұстамауы мүмкін. Өзінің іс-әрекеттерін бақылауда ұстап, зерттеудің сенімділігіне нұқсан келтіретіндей әрекеттерді жасауға мәжбүр болуы мүмкін. Өзіңіз де егер сізді камера түсіріп тұрғанын байқасаңыз, кішкене жинақыланып, әдет-құлықтарыңызды бақылай бастайтыныңыз рас. Сондықтан зерттеуші ретінде бақылаудың жасырын түрде жүргізілгенін қалар едіңіз. Бірақ бұл этикалық тұрғыдан дұрыс болмауы мүмкін. Зерттелінушіге оларды бақылап жүретініңізді айтсаңыз, олар тіпті сізге көмек беруден бас тартуы да мүмкін. Өйткені олар өздерінің жеке өмірінің зерттеу нысанына айналғанына қарсы болуы ықтимал. Сондықтан бақылау жүргізер алдында осындай қиындыққа тап болатыныңызды ескергеніңіз дұрыс. Ол мәселеден қалай шығуға болады, шығатын жол бар ма, жоқ болса, онда бәлкім басқа әдістерге жүгінген дұрыс емес пе деген сияқты сұрақтарды ой елегінен өткізіп шығыңыз.

Бақылауға қатысты тағы бір нәрсе оның құрылымымен байланысты. Зерттеу сұрағыңыздың ерекшелігіне байланысты бақылау құрылымданған, жартылай құрылымданған немесе құрылымданбаған болуы мүмкін. Құрылымданған зерттеуде күнделікті бір процесті бірдей критерийлер бойынша бақылап, күнделікті қандай да бір өзгерістерді түсіріп отырасыз. Мысалы, бұл балабақшадағы балалардың әдет-құлығын зерттеуге байланысты болуы мүмкін. Ол үшін күнде бір уақытта бір талаптар бойынша балаларды бақылап отырасыз. Өзіңіз байқаған нәрселерді түртіп алып отырасыз. Жартылай құрылымданған бақылауға мысал ретінде жоғарыда келтірілген қатысушылық бақылаудың мысалдарын айтуға болады. Ол мысалда қыз бала екі түрлі келбетте тамақтанып отырған адамдардан тамақ сұрайды. Эксперимент қалай аяқталатыны белгісіз. Бұл экспериментке қатысып отырған қыз балаға да қауіп төнуі мүмкін. Эксперимент барысында қандай аяқасты жағдайлар болып қалуы мүмкін екенін білмейсіз. Сондықтан аяқасты әрекеттерді жасауға үнемі қырағы болып, дайын отырасыз. Бұндай бақылауды жартылай құрылымданған зерттеу деп атаймыз. Және соңғысы құрылымданбаған зерттеу. Құрылымданбаған зерттеу көбіне этнографиялық зерттеулерде қолданылады. Ол кезде сіз жалпы жағдайдың қалай дамуы мүмкін екенінен хабарыңыз шамалы болуы мүмкін. Ондай жағдайларда тек ішкі түйсігіңіз бен басқа қабілеттеріңізге сүйенуге тура келеді.

Бақылау жасап болған соң түйген түйіндеріңізді, жасаған тұжырымдарыңызды, байқаған ерекшеліктеріңізді өз сөзіңізбен жазып түсіндіруіңіз керек болады. Бұл түсіндіру процесі еркін түрде жүргізіледі. Бірақ сонысымен де, ол көбіне сынға ұшырап отырады. Өйткені сіздің жағдайды түсінуіңіз және оны түсіндіруіңіз сіздің жаңсақ пікірлеріңізден таза болмауы мүмкін. Батыс антропологтардың көбінің еңбектері отар елдердегі халыққа менсінбей қарауына байланысты, олар көбіне дұрыс зерттеу жүргізбей, көбіне сынау, мінеу, астам болуы арқылы зерттеу жүргізген және соның нәтижесінде сенімді еңбектер жазбаған деген сынның астына қалған болатын. Дәл сондай жағдайды сіз де бастан кешіруіңіз мүмкін. Сондықтан триангуляциялық тәсілге жүгініп, өз тұжырымдарыңыздың растығын дәлелдейтіндей басқа тәсілдерде қатар қолданып жүрген дұрыс. Мысалы, сауалнама немесе сұхбат жүргізу арқылы.

Бақылау жүргізуге қатысты қате түсініктердің бірі “жоспар қажет емес” деген түсінік. Шындығында бақылау жасау үшін тыңғылықты жақсы ойластырылған жоспардың болуы міндетті. Ол жоспарлауға бақылаудың қандай түрін қолданасыз, кімді немесе нені бақылайсыз және қанша уақыт; деректерді қалай жинайсыз; сіз орындайтын рөл; басқа адамдармен қарауға немесе қатысуға байланысты барлық этикалық мәселелерді қалай шешесіз; және күтпеген жағдайлардан қалай шығасыз деген сияқты сұрақтарды ойластырудан тұрады. Жоспарлау мынадай сатылардан тұруы мүмкін.

**1. Бақылау зерттеуінің түрін қарастыру** – Сіздің мақсаттарыңыз бен контекстіңіз ашық немесе жасырын, қатысушы немесе қатыспаушы, құрылымдалған немесе құрылымдалмаған бақылау зерттеуіне сәйкес келе ме және ұзақтығы қандай?

**2. Негізгі жиынтық пен іріктеме/респонденттер/қатысушылар** – Кім туралы айтуды жоспарлап отырсыз және деректерді кімнен аласыз.

**3. Қолжетімділік** – Бақылау жасағыңыз келетін топқа/жағдайға/әрекетке қол жеткізуді/қабылдауды қарастырыңыз. Яғни процеске кедергі келтіруі мүмкін тілдік және/немесе мәдени мәселелер бар ма? Өткен «гейткиперлерден» өтіп кете аласыз ба? Қош қарсы аласыз ба? Сенім ұялата аласыз ба?



**4. Жаңсақ түсініктеріңіз** – Сенімділікті қамтамасыз етудің ең жақсы тәсілдермен субъективтілікті тану және бақылау. Алдын-ала ойластырылған пікірлерді/үміттерді және баламаларды ой-талқысынан өткізу ең жақсы пікір.

**5. Қабілеттеріңіз** – Бақылау жүргізу үшін қажетті қабілеттеріңізді/ресурстарыңызды қалай дамытуыңыз мүмкін.

**6. Өзін таныстыру** – Сіз орындайтын рөл және қаншалықты қатыса алатыныңыз.

**7. Сенімділік** – Сенімділікті қамтамасыз ету стратегиясын қарастырыңыз.

**8. Құралдар** – Бақылау жасау кестесін/парағын дайындаңыз немесе бақылауыңыз құрылымданбаған болса, барлау үшін тиісті тақырыптарды қарастырыңыз.

**9. Детальдар** – Сіз қай уақытта жұмыс жасайсыз? Сіз бір рет, бірнеше рет бақылау жасайсыз ба, әлде сіздің зерттеуіңіз ұзаққа созылады ма? Деректеріңізді қалай жазасыз?

**10. Этикалық мақұлдау** – Қатысушы бақылау зерттеулері үшін бақылау процесіне қатысудың бақыланып жатқандарға және/немесе бақылаушыға физикалық, психикалық немесе эмоциялық ықпалы бар-жоғын қарастырған жөн. Мысалы, бақылаушылар қауіпті жағдайға түсіп қалуы мүмкін; олар адамгершілікке жат/ заңсыз әрекетке араласуға мәжбүр болуы мүмкін; немесе олар бақылау ортасын тастап, алынған нәтижелер туралы хабарлау керек болғанда өздерін күйзеліске түсуі мүмкін. Жасырын зерттеулерге қатысты мәселелер негізделген келісімді қажет етпейтін негіздеу мен мақұлдау алуға мүмкіндік береді. Кейбір этикалық комитеттер мұны кез-келген жағдайда жасамаса да, кейбіреулері, егер зерттеуші бақыланып және бақылайтын адамның физикалық, психикалық және эмоциялық жағдайына қатысты сенімді кепілдік бере алатын болса, ондай зерттеулерді қарастырады; құпиялылықты сақтау және қабылданатын қоғамдық пайдалар.

**11. Күтпеген жағдайлар** – Күтпеген, жоспарланбаған және жазатайым жағдайлар. Бұл маңызды сұхбаттар болмаған жағдайда, қосалқы жоспардың дайын болуын білдіреді.

Бақылау жүргізу үшін мына нәрселерді жасауыңыз қажет:

**1. Бақылау жасау жағдайын оңайлату** – Егер бақылау құрылымдалған және ашық болса, бұл уақытында келуді, кез-келген жабдықты орнатып, тексеріп көруді, жұмыспен таныстырып өзара түсіністік құруыңыз керек болатын сұхбат алудың бастапқы этаптарына ұқсас болады.

**2. Сезіммен қабылдайтын ақпараттардың болатынына дайын болу** – Деректерді жинау үшін барлық түйсігіңізді және мүмкін интуицияңызды пайдаланыңыз.

**3. Уақыт жұмсау** – Сіз бұл процесті басқармайтын болғандықтан, бақылау жасауға айтарлықтай уақыт жұмсауға дайын болыңыз.

**4. Толыққанды болу** – Процесті аяқтамас бұрын бақылауларыңыз толық жаңа білім бергеніне көз жеткізіңіз.

**5. Бақылауды мүкіндігінше жазу** – Бақылауды уақтылы жазып отыру қажет. Егер кестелерді қолдансаңыз, оларды бақылау жасалып жатқан кезде толтыру керек. Егер сіз өзіңіздің зерттеу контекстіңізге тереңірек үңілгіңіз келсе, бақылаудан шыққаннан кейін бақылауларыңызды деректер парағына немесе журналға жазғыңыз келуі мүмкін. Сіздің жазбаңызда фотосуреттер мен бейне/аудио жазбалар да болуы мүмкін.

**6. Талдау** – Бақылау жасау арқылы жиналған деректер сандық немесе сапалық болуы мүмкін. Есте сақтаңыз: талдау сіздің зерттеу мәселеніңізді жан-жақты тәсілдермен шешуге бағытталған болуы тиіс.

## Тексеру, нақтылау және талдауды жалғастыру

Бақылау зерттеулеріңізді рефлексивті түрде нақтылау маңызды. Ол үшін сізге мыналар қажет:

**1. Процесті шолу** – Алдыңызға шыққан кез-келген қиындықтарды жазыңыз; мысалы, қолжетімділік, уақытты жұмсау, қатысу, мәдени «құрметсіздік», жайлылық, таспаға/қағазға жазу, рөлдер, объективтілік.

**2. Бақылау жазбаларын шолу** – Бейне/аудио таспаға жазу кезінде алдыңыздан шығуы мүмкін қиындықтарды жазу.

**3. Растау (Confirm)** – Инсайдермен кеңесіңіз; басқа бақылаушылардан жазбаларды салыстыруды сұраңыз; немесе бақылау деректеріңізді басқа дерек түрлерімен триангуляциялаңыз.

**4. Түрлендірме жасау** – Өзіңіздің бақылау процесіңізге; кез-келген растау стратегиясына; және жигалған деректердің сапасына сүйене отырып түрлендірме жасаңыз.

**5. Шолу және нақтылауды жалғастыру** – Бақылау жасау тәжірибені қажет етеді; процесс пен жиналған



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Бақылау жасау

деректерді игергенге дейін жетілдіруді жалғастыра беріңіз.

**6. Негізгі мәселелер?** – Егер негізгі мәселелер бар болса, жетекшіңізбен ашық түрде талқылаңыз және түрлендірме жасауды қарастырыңыз.

**7. Талдауды жалғастыру** – Деректеріңіздің сандық немесе сапалық болғанына қарамастан, бақылауларыңыз, теорияларыңыз, зерттеу мәселелеріңіз, мақсаттарыңыз бен міндеттеріңіз арасында жүруді жалғастыра беріңіз және қабылдаған субъективтіліктің тексерілуін қадағалаңыз.